

Алмасай ауылындағы Жоғарғы Алмасай көшесінің атын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 26 тамыздағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 қыркүйекте N 5-17-109 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 1993 жылдың 8 желтоқсандағы № 4200 Қазақстан Республикасының «Әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағы негізінде және 2004 жылғы 25 тамыздағы № 15 Алмасай ауылы ақсақалдар алқасының отырысы хаттамасы мен Алмасай ауыл тұрғындарының 2005 жылғы 29 наурыздағы № 44 хаттамасын ескере отырып, **ШЕШЕМІН:**

1. Жергілікті халықтың пікірін ескере отырып, Алмасай ауылындағы Жоғарғы Алмасай көшесінің аты Бекбау Садуақасов атына өзгертілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.

Әкім

Н. Дутбаев